

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті



СӘЖ

Тақырыбы: Бүйрек ауруларымен ауыратын
балаларға диспансерлік бақылау жүргізу

Қабылдаған: Абласанов А.А.
Дайындаған: Сайдалиев Ж.
Тобы : ЖМ - 510

Зерттеу сұрағы:

Созылмалы бүйрек аурулары бар
балаларға диспансерлік бақылау
жүргізу принциптері қандай?



Зерттеу мақсаты:

Созылмалы бүйрек
аурулары бар балаларға
диспансерлік бақылау
жүргізу жайлы
мәліметтерді ғаламтордан
сараптап, әріптестерге
ұсыну



*Жоспары:

- *I. Кіріспе
- *II. Негізгі бөлім
- *Балаларда кездесетін зәр шығару жолдарының аурулары
- *Зәр шығару жүйесінің инфекциялық-қабыну аурулары
- *Бүйрек ауруларымен ауыратын балаларды диспансерлік бақылау жобасы
- *III. Қорытынды
- *IV. Падаланылған әдебиеттер тізімі

КІРІСПЕ

* «Диспансеризация» - балардағы патологияны ерте анықтауға, қауіп топтарына бөлуге, бала ағзасында патологиялық өзгерістердің алдын алу үшін профилактикалық және сауықтыру шараларын жүргізуге, созылмалы процесті болдырмауға және созылмалы патологиясы бар балаларды реабилитациялауға бағытталған шаралар жиынтығы.



Созылмалы ауруы бар
балаларды диспансерлік
бақылау – оларды мезгілді
қарау, ауру өтуін
динамикалы белсенді
бақылау, уақытында жүйелі
емдеп, сауықтандыру.
Диспансерлеуге жататын
балаларды – барлық
мамандықтағы дәрігерлер
амбулаториялық
қабылдауда, уйде көмек
көрсеткенде анықтайды.



Зәр шығару жүйесінің инфекциялық-қабынулы аурлары
балалар зәр шығару жүйесі ауруларының ішінде ең
жиі кезедесетін ауруларға жатады.

Бұл топқа жедел пиелонефрит, созылмалы пиелонефрит,
зәр жолдарының инфекциялары, цистит жатады.

Ерте жаста қыз балалар мен ер балалар бірдей ауырады,
одан кейін қыз балалардың ауруы ер балалармен
салыстырғанда 10 есеге дейін артады.



ЗӘР ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ АҒЗАЛАРЫНЫҢ АУРУЛАРЫ

бүйрек және зәр шығару жолдарының инфекциялары:

- жедел пиелонефриттер;
 - созылмалы пиелонефриттер;
 - жедел циститтер;
- созылмалы циститтер;
- зәр шығару жолдарының инфекциясы

заттек бұзылыстары:

- заттек алмасу нефропатиялар;
- зәртас аурулары;

нефриттер:

- жедел постстрептококкты гломерулонефрит;
- біріншілік созылмалы гломерулонефрит;
- липоидты нефroz ;
- интерстициальды нефрит:

басқа аурулар


- туа біткен ақаулар,
- гидронефроз, - ісіктер

Пиелонефрит - бүйректің табақша-түбекшे жүйесінің және тұтікті - интерстициальды тіндерінің бейарнамалы жүқпалы (инфекциялы) қабынуы.

Пиелонефрит ғылыми мәліметтер бойынша - жедел жүқпалы респираторлы инфекциядан кейінгі өте жиі таралған ауру. Ауру 20% жағдайда - ол емшек жасындағы сәбілерде, 50% - 4 жасқа дейінгі балаларда басталады. Ер балалардан қыз балалар 5-6 есе жиі ауырады.



Пиелонефриттің кездесу жиілігі



- емшек жасындағы балалар
- 4жасқа дейінгі балалар

Пиелонефриттің дамуына баланың осы дертке бейімділігі де ықпал етеді. Бейімділік факторларын жасына байланысты қарau қажет: мысалы, жаңа туған кезенде жүктілік кезіндегі анасының, түу кезіндегі патологиялардың, асфиксияның, сепсистің, тұқым қуалау бейімділігінің, бүйрек пен несеп жолдарының морфологиялық және функциональдық толық дамымауының маңызы бар /шумак фильтрациялық, концентрациялық қабілетінің физиологиялық нашарлығы, капилляrlар торының дұрыс жетілмеуі, шумақтардың куб тәрізді эпителийінің нашар жетілуі. Генле тұзағының және өзекшелердің дистальды бөлігінің қысқа болуы, нефрондардың ферменттік активтілігінің толық жетілмеуі және т.б.



Емшек жасындағы балаларда: рахит, Д гипервитаминозы, жасанды сүт тағамдарымен тамақтануы, жедел вирусты және вирусты-бактериальды, респираторлы инфекциялар, асқорыту жолының аурулары.

Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларда, әдетте, туа болған бүйрек және несеп жолдарының аномалияларымен тубулопатияларына байланысты, екінші реттік пиелонефриттер дами бастайды. Сонымен қатар, созылмалы инфекция ошақтары мен асқорыту жолының дискенизиясы да ықпал етіп отырады. Бейімдеу факторлары, баланың бейарнамалық иммунитетін нашарлатып, инфекцияның пайда болып, тарала бастауына әсерін тигізеді.

***Этиологиясы және патогенезі.** Көбіне, пиелонефрит, жедел респираторлы инфекция кезінде дамиды, себебі, вирусты инфекциялар қан тамырларына, соның ішінде бүйрекке де, капиллярлы токсикалық әсер етеді де, тамырларда іркіліс, веналарда тромб пайда болады және тамырлардың өткізгіштігі бұзылып, бүйректің аралық тіндерінде инфекциялар тұрып қалып, бірте-бірте көбейіп, дами бастайды. Ауруды негізінен ішек таяқшасы, стафилококк, протей қоздырады. Несебі стерильді балалар жеке топ құрайды. Пиелонефриттің бұндай абактериальды түрлерінің дамуының лептоспирлер, вирустар, саңырауқұлақтар және бактериялардың L-түрлері ықпал етеді. Бактериялар, антибиотиктердің әсерінен клеткалық қабығын толық немесе жартылай жоғалтып, L-түріне айналады.

***Ал, антибиотиктердің әсері тоқтағаннан кейін L-түрлі бактериалар бұрынғы өзінің қалпына ене бастайды.** Бүйрекке инфекция бірнеше жолдармен, яғни гематогенді, лимфогенді және өрлеу жолдары арқылы таралуы мүмкін. Көбіне, әсіресе қыз балаларда, бүйрек уриногенді, яғни, өрлеу жолы арқылы зақымдалады

Кейбір авторлар инфекцияның гематогенді таралуын негізгі жол деп есептейді, бұл жағдайда, инфекция әр түрлі ошактардан /кариес, баспа, отит, өкпе, асқорыту жолдарының аурулары т.б./ қанға өтеді де интерлобарлы артерияларға, одан әрі мильтыңдағы капиллялар торына, интерстицияға тарайды. Бүйрек табақшалары мен оны қоректендіріп отыратын артериялары арасындағы байланысты атап өту керек. Түбекшенің және форникальды аппараттың ішкі беті уротелиймен қапталған ол табақшаның күмбезінде босаған кезінде олар уротелийдің клеткаларымен жанасып отырады. Форникальды веналар өте жұқа жәм не зақымдалады, сондықтан, венаның қабырғалары зақымдалған кезде инфекциялар тамырлар жағынан да, түбекшелердің форникальды бөлігі жағынан да, өте бастайды. Бірақ, микробтардың түсіп қана қоюы пиелонефрит емес. Ол үшін несептің іркілісі, яғни уродинамиканың бұзылуы қажет. Уростаздың себептеріне - табақшалардың алқымының дискинезиясы, мойынның тарылуы, түбекшелердегі тас, қосымша тамырдың болуы, несеп жолының тасы, несеп жолын басып жатқан ісік, несеп жолының ахалазиясы, қуық дивертикулы, уретроцеле, ішектің, қуықтың аневрозы, қуық түбі безінің туа болған аурулары, үрпі каналының құрылышы, несеп жолының құрылышы, үрпі каналының сыртқы тесігінің тарылуы, фимоз және т.б. жатады.

Пиелонефриттің патогенезінің звеноларына тәмендегілерді жатқызуға болады:

1. Бактериурия
2. Жергілікті және жалпы иммунитеттің бұзылуы
3. Бүйректегі гемодинамиканың бұзылуы.
4. Уростаз, яғни уродинамиканың бұзылуы.
5. Рефлюкс, ол ацидоздың, эксикоздың, анемияның дамуына әсерін тигізеді, ал олар бүйректің закымдануының экстрапренаальды белгілері болып есептелінеді.

- * Клиникалық-функциялық және басқада белгілеріне байланысты пиелонефрит екіге бөлінеді: алғашқы және екіншілік.
- * Алғашқы (обструкциясыз) ПН - бүйректегі несеп пассажының ішкі және сыртқы бұзылу белгілері болмайтын ПН.
- * Екіншілік (обstructивті) ПН - несеп пассажы бұзылатын бүйрек және несеп жолдарының органикалық және функциялық өзгерісі кезінде дамитын ПН.

- * **Клиникалық көрінісі.** Ерте жастағы балаларда қызба неғұрылым айқын білінеді.
- * **ПН-тің негізгі синдромдары:**
 - * 1. Экстрапенальды
 - * а) Жалпы интоксикация белгілері дene қызуы 39-40С дейін көтеріліп, кейде нейротоксикоз белгілерімен бірге тырысуладар байқалады, аурудың жалпы хал-жағдайы нашарлап, басы ауырып, айналады, талықсу, көңіл-күйінің нашарлауы тез шаршау, әлсіздік, тәбетінің нашарлауы, жүдеуі, қатты терлеуі қызыл дермографизм байқалады.
 - * б) Ас қорыту жолының зақымдалу белгілері: эксиқозды тоxикоз, лоқсу, құсу, ішінің бүріп ауруы, диарея, нәжісінің тұрақсыздануы, кейде іштің қатуы, бір жасқа дейінгі сәбілерде кездеседі. Кішкене сәбілерде ПН жедел басталып, дамиды да клиникасы айқын білінеді. Ересек балаларда, көбіне лоқсу, құсу, ішінің бүріп ауруы байқалады.

- ***2. Ренальдық белгілер:** а) Ауру синдромы: белінің қатты ауруы: әсіреле бір жағынан, қасаға үсті аймағының, несеп жолының бойының ауруы, сипалағанда және жатқанда осы аймақтардың ауруы, он немесе сол жақ қабырға астының өздігінен ауруы.
- * б) Дизуриялық ауытқулар: кіші дәретке жиі және ауырсынып отыру, никтурия, кіші дәретін ұстай алмау және т.б.
- * в) Несеп синдромы: несептегі макро- және микроскопиялық өзгерістер: несеп түсінің, мөлдірлігінің өзгеруі, тұнбалар мен үлпек қауыздардың пайда болуы.
- ***Созылмалы ПН** - жедел ПН қолайсыз, сәтсіз, аяқталғаннан кейін, және ПН басталғаннан кейін 6 ай өткен соң дамиды. Созылмалы ПН-тің өршу кезеңінде баланың жалпы қал-жағдайы, көңіл-күйі нашарлап, тез шаршайды, тәбеті бұзылып басы, іші ауырады, яғни СПН-тің өршу кезіндегі клиникасының ЖПН-тің клиникасынан көп аса айырмашылығы жоқ.

* Қосымша зерттеу тәсілдері:

- * Несеп анализі: ПН-тің активті сатысында несепте белок (белоктің ізі) қалдығы (1-2 % дейін көбеюі), лейкоциттер (көру аймағында 15-20-дан шоғырлануға дейін), бірен-сарап жаңа эритроциттер кейде цилиндрлер пайда болады. Жалпы тексермелер қалыпты жағдайда болуы мүмкін, сондықтан тәуліктік жөне өршітететін тәсілдермен зерттеу қажет:
 - * а) Каковский-Аддис, б) Амбурже, в) Нечипоренко тәсілдері негұрлым сенімді сандық тәсілдері болып саналады.
 - * Нечипоренко тәсілі 1 мл таңертенгі жаңа несептің орта бөлігіндегі қан түйіршіктерін есептейді: лейкоцидтер - 2000-ға дейін, эритроциттер 1000-ға дейін болуы керек.
 - * Аддис тәсілі-тәуліктік несептегі қан түйіршіктері - лейкоциттер-2 млн-ға дейін, эритроциттер 1 млн-ға дейін, цилиндрлер 400000-ға дейін болуы керек.
 - * Амбурже әдісі - сағат 7.00-ден 10:00-да дейінгі несептегі түйіншектер саны 3 сағаттық 1 минуттағы лейкоциттер мен эритроциттердің саны 1000-нан аспауы керек.
 - * Пиелонефритте несеппен тәулігіне 0,1,0,5-1 г/л белок бөлінеді /қалыпты жағдайда 40-80 мг/ оны Алдис-Каковский әлісімен аныктайлы

Рентгенді-урологиялық зерттеу тәсілдері:

1. Цистокопия және цистография
2. Экскреторлы урография.
3. Инфузиялы- тамшылы урография.
4. Радиометриялы зерттеулер.
5. Ультрадыбыстық зерттеулер

Жедел пиелонефриттің белсенді сатысында барлық ауру белгілері таза айқын көрініп тұрады, токсикозбен лабораториялық көрсеткіштер азайып жоғалуы аурудың кері даму кезеңі, ал клиникасы толық жоғалып, лабораториялық көрсеткіштердің қалпына келуі - толық клиникалық-лабораториялық **сауығу (ремиссия)** кезеңі болып саналады.

Пиелонефриттің диагностикасы (анықтауы) себепкер жағдайлардың, клиникалық көрсеткіштердің және қалпына тексеру әдістерін негізінде жүргізілуі қажет.

Пиелонефриттің диагностикалық критерийлері:

1. Интоксикация белгілері (терісінің бозаруы, температура);
 2. Бел аймағында, ішінде ауырсыну;
 3. Несеп тұнбасының өзгерістері:
 - А) Лейкоцитурия, нейтрофильды түрі
 - Б) Бактериурия (1 мл несепте 100000 микробтан көп)
 4. Біндерек қызметінің бұзылыштары
 - А) Қанның сарысуының осмолярлығы 275 мосмоль/л кем және несептің осмолярності 800 мосмоль/л аз.
 - Б) Несептің тығыздығының және ацидоаммониогенездің төмендеуі
 5. Пиелоэктазия, тыртықтардың болуы
- Қосымша критериялар:**
1. ЭТЖ жоғарлауы
 2. Лейкоцитоз
3. Антибактериальды антиденелердің титрінің жоғарлауы, дисиммуно глобулинемия
 4. С реактивті белоктің жоғарлауы
 5. Гиперальфаглобулинемия

- * **Емі.** Тәртібі: Жедел кезінде төсек тәртібін сақтап, жылдың жерде болуы керек, аэрация (ашық дәлізде ұйықтау, ұзақ уақыт таза ауада болу), мұқият күтіну, тыныштық сақтау керек. Дене қызызы қалпына келіп, жалпы жағдайы түзелгесін массаж тағайындалады.
- * **Диета:** Тағайындалғанда, пиелонефриттің активтілігін ескеру керек. Қызба, дизуриялық бұзылыстар және интоксикациямен жүрген созылмалы пиелонефриттер және жедел пиелонефритте 7-10 күн бойына белогы шектелген сүт-өсімдік диетасы /1,5-2,0 г/кг/ тағайындалады және тұздар тәулігіне 2-3 г-дай болуы керек. Аурулардың жағдайы жақсарған соң, диетаны белок-май, көмірсу құрамын жасына сәйкес етіп, тағайындейді. Тұзды, қуырылған тағамдар, бұрыш, қыша беруге болмайды. Тамақты күніне 5-6 рет ішу керек. Жасқа дейінгі балаларда ана сүтімен тамақтандырып, жеміс-жидек, көкөніс берген дұрыс. Жастан асқан балаларға сүт, сүзбе, айран, қаймақ, сыр, піскен сиыр етін, тауық етін, сорпа, ботқалар, жеміс-жидек, компот, морстар беру керек. Өсімдік тағамдарын әрбір 5-7 күн сайын тағамдармен алмастырып берген дұрыс.

- * Антибиотиктерді сезімталдығына байланысты тағайындау керек. Аурудың ауыр түрлерінде емді антибиотиктерді парентеральды қолданудан бастаған дұрыс. Көп жағдайда антибиотикотерапия шамалап басталады. Себебі микробтар сезімталдығы 48-72 сағаттан кейін белгілі болады, ал емді мүмкіндігінше ерте бастау керек. Тағайындалған антибактериальдық емнің 3 күннен кейін тиімділігі
- * байқалмаса, оны антибиотикограммаға сәйкес өзгерту керек. Аурудың жедел кезінде ауыр және орташа ауырлықтағы ағымдарында келесі антибиотиктер қолданған жөн:
 - * • «Қорғалған» пенициллиндер [амоксициллин+claveуланды қышқыл (мысалы, амоксиклав, агументин), ампициллин + сульбактам (мысалы, уназин)]:
 - * • Цефалоспориндердің II үрпақтары (цефураксим және басқалар).
 - * • Цефалоспориндердің III үрпақтары (цефотаксим және басқалар).
 - * • Аминогликозидтер (амикацин және басқалар).
 - * Дәрілер парентаральды енгізіледі, процесстің активтілігінің

7-10 күндік антибактериалық курс (зәр анализі қалыптасқаннан кейін 3-5 күн бойына беріледі);

Содан соң уросептистермен 10-14 күндік курс;

Одан әрі 2-3 апта бойына фитотерапия.

Созылмалы пиелонефриттің өршуінде антибиотикатерапия дәрілерді ауыстырып отырып, 1-1,5 айға созылып, одан әрі уросептистермен рецидивке қарсы емге айналады




- * Пиелонефриттің емін 2 сатыға бөледі:
- * 1. Құбылыстың толық және тұрақты басылу үшін және несеп көрсеткіштері толық қалпына келгенге дейін, дәрілік ем үзіліссіз жүргізіледі 1,5-2 ай.
- * 2. Жергілікті санаторияда нефрологтың бақылауымен дәрілік емдердің аралығындағы үзілістерді бірте-бірте ұзарта отырып, үзік ем жүргізу. Ұзақтығы 4-6 ай, ал созылмалы пиелонефритте 6-12 айға созылады.
Антибиотиктерді әрбір 2-3 апта сайын, несептің антибиотикограммасына сәйкес, алмастырып отырады.

*Пиелонефрит кезінде диспансерлік бақылау.

Стационардан кейін жедел пиелонефритте антибиотиктердің 2 апталық циклі жүргізіледі. Жедел пиелонефритте антибиотиктерді 3-

- * 6 ай бойына үздіксіз тағайындаса, созылмалы пиелонефритте 6-12 айға, ал кейбір жағдайларда 2 жыл бойына тағайындау керек. Көбіне химиопрепараттар физиотерапиямен кезек жүргізіледі.
- * Бір рет болсын ПН шабуылын бастан өткерген балалар нефрологта 3жыл бойы диспансерлік бақылауда болу керек, ал несеп жолдарының обструкциясы анықталса, немесе ауру рецидив берсе, онда тұрақты есепте тұрады.
- * Амбулаториялық ем 3-5 жыл бойына жүргізуі керек. Антибиотиксіз, толық клиникалық ремиссия 3 жылдан артық болса, есептен шығаруға болады. Бұл кезеңдерде профилактикалық вакцинацияларды жүргізуге болмайды.

* Бақылау зәр анализдерін баланың алғашқы Зайында жедел пиелонефритпен ауырғаннан кейін әр 10-14 күн сайын жүргізу қажет, бір жасқа дейін -ай сайын, одан кейін -квартал сайын және интеркуррентті аурулардан кейін жүргізіледі. Дәрігерге келіп қаралғаннан кейін оның артериалық қысымын тексереді. Жылына 1рет бүйрек функциясын зерттеп (Зимницкий, креатинин) несеп жүйесі мүшелерінің УДЗ жүргізеді. Аурудан кейін байдан кейін бүйрек паренхимасында болуы мүмкін тыртықты өзгерістерді анықтау үшін статикалық нефросцинтиграфия жүргізген дұрыс.



Порция мочи № банки	Время (часов)	Количество мочи (мл)	Удельный вес	Диурез
1	9.00	100	1030	Дневной диурез ДД=700 мл
2	12.00	150	1020	
3	15.00	200	1016	
4	18.00	250	1020	
5	21.00	150	1018	
6	24.00	100	1016	
7	3.00	70	1020	
8	6.00	180	1028	

Анализ мочи по Зимницкому



*Балаларда пиелонефриттің біріншілік алдын алу шаралары:

- *Қуықты үнемі босатып отыру
- *Ішекті үнемі босатып отыру
- *Сұйықтықтарды жеткілікті мәлшерде қабылдау
- *Сыртқы жыныс мүшелерінің гигиенасы, олардың қабынулық ауруларын уақытылы емдеу



Ауру кезендері	Бақылау түрлері							
	Д Дәріге рдің зарауы	ННесеп тексерм есі	Қанның жалпы тексерм есі	Вимницик ий сынамас ы	Қолдың азотты тексерм есі қан голтыру	Спортпен шұғылда ну	Профилактикалы кеңгілер	Есеп тобы
Ә р б і р с айын								
Фршу /лейкоцитури я бактерурія /	10 күн	10 күн	1 ай	3 ай	6 ай	-	-	II
Ремиссия /ем кезіндегі толық және жартылай/	1 ай	10 күн	1 ай	6 ай	6 ай	-	-	II
Ремиссия /ем аяқталғаннан кейінгі толық және жартылай/ алғашқы 3 жылда	1 ай	1 ай	3 ай	12 ай	12 ай	-	-	I
Ремиссия соңғы жылдардағы /15 жасқа дейін/	12 ай	3 ай	12 ай	12 ай	24 ай	Жеке турде	Жеке турде	1.15 жасқа толған соң терапевтің бақылауына көшіреді
Пиелонефрит пен ауыру қаупі бар балалар /дәлелденбеке н ПН/	1 ай	1 ай	1 ай	6 ай	12 ай			1. Несеп тексермелері қалыпты болған жағдайда 2 жылдан соң есептен шығарылады

Гломерулонефрит - екі бүйректің де нефрон шумақтарының инфекциялық-аллергиялық себептен пайда болатын қабынуы. ГН-балалардағы жүре пайда болған бүйрек ауруларының ауыр түрінің бірі, бұнда организмдегі көптеген мүшелерде, жүйелерде және зат алмасудың барлық түрлерінде ауытқулар пайда болады. Ол адам жасына, жынысына, тұрмыс жағдайына, сонымен қатар, жыл кезінде климатқа, организмнің әртүрлі ауруларға «бейімділігіне» (сенсибилизация) де байланысты. Бұл аурулармен әсіресе **7-12** жастағы балалар жиі ауырады. Жедел ГН-тің дамуына, әсіресе стрептококкті жұқпалы аурулар жиі себепші болады. Балаларда ГН-тің дамуына әсер етуші бактериальды емес факторларға «организмге сұық тию» жатады. Егер бір рет балаға қатты салқын тисе, ертеңіне-ақ бала қатты ауырады. Сұықтың ауруға себепші екені анық. Мысалы: Жедел ГН - қыста, ерте көктемде, жазда жедел күн сұытқанда және күздің басында жиі кездеседі. Салқын тікелей бүйрек ауруына әкелмеуі мүмкін, бірақ, организм бейімделген болса, патологиялық механизмнің тез дамуына өз себебін тигізеді. Сонымен қатар, ЖГН-тің дамуына бүйрек тұсының немесе іштің жарақаты, дәрілерді «көтере» алмау, рентген сәулелерімен сәулелену себепші болуы мүмкін.

ЖГН-ін ісіну патогенезіндегі маңызды жағдайлар:

- Қанда немесе бүйректе иммунды кешендердің пайда болуы. Антигендер болып стрептококктық дезоксирибонуклеаза В, стрептолизин О, антигигиалуронидаза есептеледі. Иммундық сұзгіш капиллярларының базальды мембранасына жабысып, оларды зақымдаپ, қан компоненттеріне өткізгіштігін арттырады. Олар иммундық кешендермен активтелінгеннен кейін:
 - хемотоксикалық активтілігі пайда болып, зақымдалған ошаққа нейтрофильдерді жинайды;
 - Хагеман факторының активтелінуі, тромбоциттердің агрегациясына, қан ұюнының артуына және шумактардың капиллярларына фибриннің тұнуына ықпал етеді.
 - полинуклеарлар лизосомынан түзілген энзимдермен шумактың базальды мембранасының эндотелиялық жабындысы зақымдалады.
 - Тұқымқуалаушылыққа бейімділіктің де маңызы бар. Балаларда жиі HLA B12, DRw6, DRw4 антиденелер анықталады.

Клиникасы: ЖГН көп ауруларда жұқпалы аурулардан соң бірнеше күннен соң дамиды. Бұл жасырын /латентты/ кезең 5-20 күнге созылады. Ал, жасырын кезең салқын тиген соң, жарақат немесе вакцинация алған соң басталады.

Клиникалық көрінісі екі топ белгілерден тұрады: экстравенальды және ренальды.

Экстравенальды белгілері балаларда жалпы интоксикация белгілерімен байқалады:

аурудың жалпы жағдайы нашарлап, әлсіздік және шаршағыштық білінеді, тәбеті нашарлайды, қызыу қөтеріледі, тәуліктік диурезі азаяды. Ертеңіне таңертенгілік мезгілде бозару, бетінің, қол-аяғының ісінуі байқалады, кейде бала басынан ауруатынына, құсқысы келіп, жүрегі айнығанына, зәрінің түсі өзгергеніне шағым айтады.

Несебінің түсі ет жуындысы сияқты немесе қоңырланып кеткенін байқалады. Мектепке дейінгі балаларда бел түсінан ауруы, дизурия пайда болады. Үлкен балаларда жүрек-тамыр жүйесінің қызметі бұзылып, жүйке және т.б. жүйелерінің жұмыстары бұзылуы мүмкін. **Мұндай жағдайда ауыру біртінде дамып ісік көп байқалмайды.**

***Ренальды белгілер:** Олигурия, несептің түсінің өзгеруі (қызаруы) немесе гематурия, анализ жасағанда табылады, бел тұсының ауырсынуы (бүйректің капсуласының созылуынан). Кейбір балаларда айқын гематурияды дизуриялық белгілер білінеді. Айтылған белгілер ауруда барлық уақытта бола бермейді. Мектеп жасына дейінгі балаларда гипертензия сирек кездеседі, ал, мектеп жасындағы және ересек балаларда гипертензия ұзақырақ сақталады. Балаларда жедел жүрек жарамсыздығы, жедел бүйрек жетіспеушілігі сирек

***кездеседі.**

- * Сонымен, негізгі ГН-ке тән белгілер: гипертензия, ісіну және зәр белгілері.
- * ЖГН-тің ерте сатысында жүрек-тамыр жүйесінің қызметі бұзылады. Негізгі зақымдалу белгілерінің біріне қан қысымының /ҚҚ/ жоғарлауы жатады. Ол сынап
- *базаңасы бойынша 20-30 мм-ге артуы мумкін**

Ісіну синдромы: балаларда интоксикацияға байланысты қабақтың, беттің ісінуі мүмкін. Бұл әсіресе таңертенгі мезгілде жақсы байқалады. Сосын, ісік тұрақталып басқа

* жерлерде де пайда бола бастайды. Ісікті алақанның және үлкен балтыр сүйегінің алдыңғы бетінен оңай анықтауға болады. 3-4-ші күні ісіктер ұлғайып, кейде көкірек қуысында, іш қуысында, жүрек қабаттары арасында да пайда болуы мүмкін.

*Несеп синдромы:

- * 1. Олиго- және анурия сирек кездеседі.
- * 2. Бел тұсы ауырады /бүйрек паренхимасының ісінуіне және олардың капсуласының керілуіне байланысты/
- * 3. Екі жақтанда Пастернацкий белгісі анықталады.



Отек лица



Отек лица



Отеч нижних конечностей

- *Тәулігіне 1-2 г-ға дейін протеинурия байқалады.
- *Протеинурия деңгейі шумақтардың зақымдалуына байланысты болады. Әлсіз
- *байқалатын және оңай өзгеретін протеинурия подоциттердің зақымдалуына тән болса:
- *тұрақты, ұзақ және ауыр өзгеретін түрі базальды мембрана және эндотелийдің
- *зақымдалуына байланысты болады. Және зәрде белок жоқ болып кетеді.



***Гематурия** - бұл ЖГН-тің маңызды диагностикалық белгісінің бірі.

* Микрогематурия /бірең-сараңдан - 30-40 эритроциттерге дейін/ макрогематуриядан 2 есе жиі кездеседі, яғни эритроциттердің диапедез арқылы зақымдалған шумақтардан зәрге өтуі. Микрогематурия жайлы белгі, бірақ, ол үзак байқалатын протеинуриямен қосарлануы жәйсіз болады.

* 6. **Лейкоцитурия** - ЖГН-те 20-30-дан аспайды. Лейкоцитерде зәрге эритроциттер сияқты диапедез бойынша өтеді.

7. **Цилиндурия** - ісік синдромында жиі кездеседі. Олардың пайда болуы бүйректің зақымдалуын көрсетеді және олардың пайда болу себебі - белок несепте қышқыл реакцияда бүйрек түтікшелерінде оралады, олардың пішінің қабылдайды, сөйтіп гиалинді цилиндрлер пайда болады. Оған эритроциттер қалдықтары жабысса, дән тәрізді цилиндрлер пайда болады, ауыр жағдайда эпителиалды және воск тәрізділері байқалады. Жедел гломерулонефритте эритроцитарлы және гемоглобинді, сиректеу лейкоцитарлы түрлері



***Биохимиялық өзгерістер:**

- * 1. Қандағы азот пен мочевина деңгейі шумақтардың зақымдалу дәрежесіне байланысты өседі.
- * 2. Шумақтық сүзілудің төмендеуі. Дерптің беті қайтуына байланысты оның деңгейі өседі.
- * 3. Қандағы белоктың өзгеруі - ісіну синдромдағы гипопротеинемия, λ 2 және G глобулиндердің артуына байланысты пайда болатын дисглобулинемия.
- * 4. Холестерин мөлшерінің өзгеруі
- * 5. Қанның электролит құрамының өзгеруі /әсіресе гиперкалиемия/
- * 6. Стрептококктық антиденелердің титрі жоғарлауы
- * 7. Стрептококктардың 12, 4, 25 типтеріне М-антиденелердің болуы
- * 8. Комплементтің және оның фракцияларының деңгейінің төмендеуі.
- * 9. Қандағы өзгерістер: анемия, лейкоцитоз, эозинофилия, ЭТЖ-

***Аурудың үш кезеңі болады:**

- * Бірінші - айқын клиникалық көріністер немесе бастапқы кезең.
- * Екінші - кері даму кезеңі.
- * Үшінші - толық клиникалық- лабораториялық сауығу (ремиссия) кезеңі.
- * Бастапқы кезенде **тәрт** клиникалық синдром білінеді:
 - * жедел нефритикалық синдром,
 - * нефротикалық синдром,
 - * жекеленген несептік синдром,
 - * гипертензиямен және гематуриямен қосарланған нефротикалық синдром.

- ***Нефритикалық синдром басталғанда** - ісік, артериялық гипертензия, несеп синдромы байқалады. Көбіне артериялық гипертония және гематуриямен шектеледі.
- * Егер таза нефротикалық синдром болса - ісік және гематурия байқалады. Гипертензия болуы шарт емес. Кейде ЖГН жасырын басталуы мүмкін. Мұндай жағдайда диагноз қою қыынға соғады. Себебі: аурулар, тек несебінің түсі «ет жуындысы» сияқты өзгерген кезде ғана, дәрігерге қаралады. Аурудың алғашқы сатыларында бүйрек қызметі сақталады. Оны қалдықты азот, мочевина және креатининге қарап ажырату қыынға түседі. Кей науқастарда қалдықты азот көбеюі мүмкін, ацидоз, электролиттік бұзылыштар байқалып, бүйректің концентрациялық және фильтрациялық қабілеттері төмендейді. Бұл 2-4 аптаға созылады.

- * **Нефротикалық синдромға тән**: тараалаған айқын ісіктер, протеинурия (3 г жоғары), гипопротеинемия (55г/л тәмен), гипоальбуминемия (40% тәмен), альфа 2 гиперглобулинемия, гиперлипидемия, гиперхолестеринемия, ЭТЖ жоғарлауы,
- * Гипертензия және гематурия болмайды. Көбіне ерте жастағы балаларда дамиды.
- * **Жекеленген несеп синдромына тән**: аздаған интоксикация белгілері, ісіну. Несептің түсі өзгереді және мөлшері азаяды. Несеп тұнбасында макро- және микрогематурия, аздаған протеинурия аныталады.
- * ЖГН-тің белгілерінің көрі даму кезеңінде - гипертония, ісіктер жоғала бастайды. 3-6 айдан кейін бүйректің қызметі қалпына келіп, несеп синдромы жойыла бастайды.
- * Жекеленген белгілердің сақталып қалуы ЖГН-тің ауыр түрлеріне тән. Егер I-жылдан асқан соң сол белгілері қалатын болса, ол **созылмалы** түріне айналады.

***ЖГН диагнозы** клинико-анамнестикалық және лабораторлы-инструментальды мәліметтер негізінде қойылады. Тексеру кезінде жүргізіледі:

- *1. Зәр анализі (Нечипоренко)
- *2. Зимницкий, Реберг сынаамалары
- *3. Ішкен сұйықтық пен диурезін күнде анықтау және пациентті өлшеп тұру.
- *4. Зәрді себу
- *5. Артериальдық қан қысымын күнде өлшеу
- *6. Қан сарысу құрамындағы креатинин, мочевина, хлоридтер, калий, натрий, жалпы белок пен белок фракцияларын, коагулограмманы, СЗ-комплемент титрін, антистрепто-kokкты антиденелерді анықтау.
- *7. Көз түбін қараша (түскен кездегі және алдағы уақыттағы көрсеткіш бойынша)

*Жедел гломерулонефритті емдеу.

- *Гломерулонефритпен ауыратын балаларды емдеу үшін физикалық жүктемені, диетотерапияны және, сонымен қатар, белсенді әдістер мен белгілеріне сай дәрі-дәрмектерді қолдану керек. Бұларды ГН сатысымен түріне байланысты пайдалану керек:
- *1. Физикалық жүктеменің және тамақтандырудың тәртібін бүйрек қызметіне және ГН активтілігіне сай етіліп, пайдалану.
- *2. Белгілеріне сай дәрілер қолдану /диуретиктер және т.б./
- *3. Иммуносупрессивті емді ГН активтілігіне сәйкес қолдану.

***Физикалық жүктеменің тәртібі:**

- * Экстрапенальды белгілер мен макрогематурия кезінде қатаң төсектік тәртіп, бел аймағына жылу. Гематурия азайып, ісік пен гипертензия төмендегендеге тәртіпті кеңейтеді.
- * Жедел ГН активті сатыларында қатал төсектік режим клиникалық белгілерінің айқындылығы айқын азайғанша (ісік, макрогематурия, гипертония және басқалар) сақталады. Толық емес сауығу кезеңінде, толық клиникалық-лабораториялық кезеңінде 5 жыл бойынша алдын-ала егуден босатылады, физикалық жүктеме шектеледі (дене тәрбиесі сабағынан босату, қымылдарын көп ойындар ойнамау).
- * Созылмалы бүйрек шамасыздығының сатыларында балаларда геморрагиялық синдром, ацидоз белгілері, жүрек-тамыр шамасыздығының белгісі байқалғанда, төсектік режим сақтау керек. Бұл белгілер жоқ болғанда немесе олар азайғанда, гиперкатаболизмнің алдын-алу үшін физикалық жүктемені шектеген жөн.

***Диеталық ем.** Диета тағайындағанда төмендегі принциптер сақталу керек.

- *1. Аурудың аллергиясы бар тамақтарды пайдаланбау.
- *2. Құрамында натрий көп тамақтарды пайдаланбау.
- *3. Калий көп тағамдарды (жүзім, кепкен өрік) кортикостероиды гормондармен емделетін балаларда гипокалиемияның алдын-алу үшін қосу керек.
- *Тамақты тұzsыз дайындауды және организмге тәуліктік мұқтаждықтан 1 граммнан артық болмауы керек. Белокты 1-1,5 г/кг дейін азайту үшін етті, ірімшікті, балықты шектеп, нанды алып тастау керек.
- *Қанша тамақты тұzsыз ішсе де, күніне 5 г тұз қабылдайды, сондықтан организмде гипонатриемия дамымайды. Ацидоз берін гиперазотемияның алдын-алу үшін тамақ рационы тәулігіне 2000-2500 калория қабылдауына бағышталған болуы керек. Ол үшін тәтті тағамдардан, жемістерден жасалған тамақтарды, майды, өсімдік майын көбірек пайдалану қажет.

***ГН-тың сауығу сатысында** иммуносупрессивті ем қолданылады.

Ол тамақты баланың жасына сай беріп, балада аллергия тудыратын тағамдарды алып тастаудан тұрады.

*Бала тамағындағы балықты, ірімшікті, етті, тұзды тиісті деңгейіне біртіндеп 1-2 айда жеткізіледі. СБЖ-нің полиуриялық сатысында су шектелмейді, ал олигоанурия кезінде су тек шыққан несеп, нәжіс және құсық қөлеміндей ғана берілуі керек және тыныс шығарған кездегі суды да есепке алу керек. Бұны Джордани-Джованетти үлкендерге қолдану үшін ұсынған диетасымен іске асыруға болады. Ал, балалар үшін осы кісінің диетасы қолданылады, бірақ балаларға сәйкестелініп белокты тәулігіне 0,6-0,7г/кг/ дейін шектеп, жоғарғы калориялы 80-90 ккал/кг немесе тәулігіне 2000-2800 ккалория қолданылады. СБЖ-мен ауыратын балада, ісік және гипертония болмаса, қосымша азотемияға қарсы, ас тұзын біртіндеп қосу арқылы /10г дейін/, жақсы әсер алуға болады. Кейбір СБЖ-нің полиуриялық сатысында тұз жоғалту синдромы дамуы мүмкін. Мұнда тұзды шектеу бүйрек қызметі үшін қауіпті болады. СБЖ ауыратын адамдарда белокты құрт төмендетіп, жоғарғы калорияны сақтау, адам өмірін 3-5 жылға ұзарады.

*Инфекция болғандықтан, **антибактериальды терапия**, көбіне пенициллин қолданылады. Аздаған (қосымша) **патогенетикалық терапия**: антикоагулянттар және антиагреганттар. Антикоагулянт гепариннен бастайды, ол АҚ төмендетеді, гиперлипидемияны азайтады, тромбоциттердің агрегациялық қызметің тежейді және антигистаминді әсері де бар. Гепаринді тәулігіне 150-200 бірлікте кг салмағына тағайындалады және қан ұюын анықтап отырады. Препаратты 2-4 рет тері астына немесе көктамырға жібереді. Орташа ем курсы 40 күн, кейін дозасын азайтады. Антикоагулят пен антиагрегант препараттарын курантилды қосып береді. Дозасы 10-15 мг/кг салмағына 3-6 ай. Және бірге антиоксидант препараттарын, А және Е витаминдер қосуға болады.

***Симптоматикалық ем** ретінде диуретиктер тағайындалады. Оны су балансын тексере отырып беру керек. Фуросемид тәулігіне 40-120 мг және гипотиозидты тәулігіне 100-150 мг-нан қосып беруге болады. 2-4 сағат ішінде әсері байқалмаса, фуросемид 100 мг-нан бір рет қайта беріледі. Лазиксті үлкен дозада анық байқалатын және құрт дамитын олиго-ануриялық бүйрек.

- * **Диуретиктер** науқаста айқын ісік болғанда тағайындалады, гипертензионды сидромда – бүйрек аймағына никотин қышқылымен, эуфиллин, тренталмен электрофорез жасалады. Лазикс (фуросемид) бұлшықетке немесе тамырішіне (1,0-1,5-2,0 мг/кг), гипотиазид (0,5-1,0 мг/кг);
- * - бүйрек қан ағысын жақсартатын препараттар – дипиридамол (курантил) 5 мг/кг тәулігіне 3 рет ішуге, эуфиллин 2 мг/ кг 3 рет тәулігіне, трентал 5 мг/кг 3 рет тәулігіне
- * - тек айқын, тұрақты гипертензияда гипотензивті препараттар тағайындалады
- * (нифедипин 0,05-0,5мг/кг 2-3 рет тәулігіне; каптоприл 0,05-0,4мг/кг 2-3 рет тәулігіне).
- * Гиперкалиемия болмаған жағдайда, диуретикалық ем хлорлы калиймен бірге тағайындалады. Анық гиповолемияда, көлемді ісіктер болғанда полиглюкинді, сосын лазиксті, тамыр арқылы жіберу керек. Мұндай кезде алдын ала 2,4 % эуфиллин ерітіндісін тамырға жіберген жөн.
- * Гиперкалиемияны жою үшін, тамырға тамшылатып, 100-200 мл 10% глюкоза ерітіндісін, инсулин араластырып, жібереді. Гипертензия болмаса 4% натрий бикорбанатын жіберуге болады.

- ***Артериялық гипертензияда** гипотензивті /резерпин және раунатин/ дәрілер беріледі.
- *Емдеуі 0,1 мг-нан басталады. Емдік өсері 2-6 күннен кейін басталады. Жедел ГН кезінде диетотерапия, белгілерінде сай өм, аурудың алғашқы аптасында антибиотиктер қолданылады.
- *Жедел гломерулонефриттің циклдік дамуында 9-11 ай бойына активті патогенетикалық емді, өзінен-өзі сауығу клиникалық белгілерін күтіп, кейінге қалдырады.
- *Гломерулонефриттің гематурия немесе гипертония байқалатын нефротикалық синдромында емді жедел ГН басталғаннан кейін 1-2-3 ай бойы жүргізу керек.

***Гломерулонефритпен ауырған балаларды диспансерлік бақылау.**

- *Диспансерлік бақылаудың негізгі мақсаты қайта өршуге соқтыратын жағдайлардың әсерінен сақтау, өршу белгілерін ерте анықтап, созылмалы бүйрек жарамсыздығының алдын алу үшін уақытында ауруханаға емдеуге жіберу болып табылады. Диспансерлік бақылауды участкалық балалар дәрігері, бөлімше меңгерушісінің басшылығымен, маман нефрологтың ақыл-кеңесі бойынша, жүргізеді. Гломерулонефритпен ауырған баланы жүйелі бақылау толық тексеруден /қалдықты азотты, креатинин және мочевина мөлшерін, эндогенді креатинин клиренсін қамтиды. Тексергенде, науқастың шағымын анықтайды, көніл-күйін бағалайды, аурудың негізгі белгілерін /ісіну, қан қысымы, зөр өзгерістері, бүйрек қызметі/ анықтайды.
- *Сонымен қатар, созылмалы инфекциялар ошақтарын емдеп, тазалайды. Тонзиллоэктомия қажет болса, клиникалық белгілері жойылғаннан кейін 3-4 аптадан кейін, ал баяу /енжар/дамыған түрінде - 3-4 айдан кейін, анибиотиктермен емдеу кезінде жасайды.

- * Жедел гломерулонефритпен ауырған балалар ауруханадан шыққасын, зәр тексермелері қалыптасқаннан кейін, 3-4 аптаға дейін мектептегі сабактан босатылады, мектепке дейінгі мекемеге жіберіледі. Ағымы созылып кеткенде, мектепке дейінгі мекемеге жібермеу 8 айға дейін созылуы мүмкін. Бұндай жағдайда, салмақты шектеп, оқытуды үйде үйымдастырған жөн. Мектепте физикалық салмақты шектен, дене тәрбиесінен босатып, қосымша күндіз 1,5-2 сағат демалыс беру керек. Мүмкіндігінше салқыннан, тоқазудан сақтау керек. Жыл бойынша ас тұзы шектелген /ас тұзысыз дайындалады/, ашы қоспаларсыз диета тағайындалады. Науқас диспансерлік есептен шығарылғанша алдын-ала егу жүргізілмейді. Жаңа аурулармен /интеркурентті/ ауырғанда - төсектік режим, антигистаминды дәрілер, қажет болса антибактериальды ем тағайындалады.
- * Антибиотиктер 7-10 күнге тағайындалады. Егер ауруханада науқас көп мөлшерде кортикостероидты гормон қабылдаған болса, тәулігіне 15-30 мг/жасына байланысты/ преднизолон берген жөн.

- ***Антибактериальды терапия.** Бір апталық үзіліспен 8-10 күн бойы 2 курс антибиотикотерапия жүргізеді (жартылай синтетикалық пенициллиндер, макролидтер т.б). Созылмалы инфекциялық ошақтар, интеркурентті аурулар болған кезде кезеңдік антибиотиктер тағайындауды(бициллин).
- ***Витаминотерапия** (B1, B2, C, рутин, B6, A, Е орташа емдік мөлшерде).
- ***Инфекция оқтарын консервативті санациялау.**
- ***Созылмалы гломерулонефритпен ауыратын** балаларды тексергенде гипертония гематурия, бүйрек қызметінің бұзылыстары анықталса, ауруханаға жіберу керек. Егер ауруханадан сақтау /қолдау/ емімен шығарылған болса - **2 ай** сайын бақылап, тексермелерін уақытында жасап отыру керек. Иммуносуприсивті және қабынуға қарсы ем алатын балалардың қанын аптасына бір рет тексеру, ол антикоагулянтар фенилин берілсе аптасына 1-2 протроминді индекс анықтау керек.

- ***Диспансерлік бақылау.** ЖГН-пен аурғаннан кейін 5 жыл бойы диспансерлік бақылау жүргізіледі. Дәрігер науқастың қан қысымы мен зәр анализіне талдау жүргізеді:
 - * - ЖГН-тен соң алғашқы 3 айда -әрбір 10-14 күнде,
 - * - 3-9 ай өткен соң - айына 1 рет;
 - * - Рецидив болмаған кезде - тоқсанына 1 рет.
- *Кез келген интеркурентті аурулар кезінде қосымша зәр анализдері тексеріліп отырады (аурудың өршу кезінде бір рет, екінші рет- ауырғаннан соң бір аптадан кейін).
- *Стоматолог, отоларинголог дәрігерлерінің қарауы, үш ретті құрт жұмыртқаларына және остирица жұмыртқасына анализ жарты жылда 1 рет жүргізіледі.

***Созылмалы гломерулонефрит** (СГН) - персистирлеуші үдемелі иммунды-қабынумен, нефрондарды склеротикалық деструктивті зақымдап, тубулоинтерстициальды және жиі созылмалы бүйрек жетіспеушілігін тудырумен сипатталатын алғашқы гломерулопатиялар тобы.

- * Этиология. СГН тұқым қуалаушылықта бейімділікпен сипатталатын біріншілік созылмалы ауру болып табылады. Триггерлік факторлар болу мүмкін:
 - * - тиімсіз дәрілік емдер (полипрограмазия, нефротикалық дәрілерді ұзақ қабылдау);
 - * - созылмалы инфекциялық ошақтар
 - * - персистерлеуші вирусты инфекциялар (гепатит В, цитомегалия, парагрипоздар т.б.).
 - * - шектен тыс антигенді жүктемелер (біріккен қайталамалы инфекциялар, иммуноглобулиндерді қайталап қую, ретсіз иммунизация жүргізу).

***Патогенез.** Аурудың даму негізінде келесілердің салдарынан пайда болған иммуно-патологиялық процесстер жатады:

- *1) Бүйрек дисплазиясы кезінде әртүрлі факторлардың (мысалы дәрілер, токсиндер, вирустар) гистогематикалық кедергі зақымдаудың негативтік еткізуі мүмкін. Бұның себептерінде мембранаң тұрақтылығынан бүйрек антигендерінің қан ағысына түсіуі, базальды мембранасын және шумақтарды зақымдайтын комплемент жүйесінің белсенеуі,
- * иммунды кешендердің, цитотоксикалық лимфоциттер, атоантиденелер түзілісі болады.
- *2) Иммунологиялық реактивтіліктің бұзылуынан бүйректің зақымдалмаған тіндерінде атоиммундық процес (жүйелік ауруларда) байқалуы мүмкін.

- ***Клиникалық көрінісі СГН түрімен анықталады.**
- ***Гематуриялық түрінде** аурудың басталғанын білу қыын (микрогематурия кездейсоқтан табылып қалады). Шағымы әдетте жоқ болады, артериальдық қан қысымы қалыпты болады (7-8% жағдайда жоғарлауы байқалады), транзиторлы ісік, дизурия және интоксикация болмайды. Кей кезде терінің бозаруы, іште немесе бел аймағында ауырсыну, шаршағыштық, бас ауыру байқалады.
- ***Аурудың негізгі белгісі** - тұрақты гематуриялық синдром. Бүйрек қызметі сақталған болу мүмкін.
- ***СГН-тің ісікті-протеинуриялық түрі** жедел басталады. Дененің салқындауы, вакцинация, ангина, жедел респираторлы аурулардан соң немесе кейде сыртқы себептерсіз көп мөлшердегі протеинуриямен жедел нефрит клиникасы басталады.

***Аурудың негізгі белгілері болып есептеледі:**

- * - массивті протеинурия (әдеттегі зәр анализінде 3% жоғары, тәулігіне 2,5 г);
- * - Ісіктің айқындылығы әртүрлі;
- * - Гипопротеинемия, гиперхолестеринемия, гиперлипидемия, гиперпротеинурия.
- * Артериальдық гипертензия мен азотемия емдеу фонында салыстырмалы тез кетуі мүмкін. Бүйректің биопсиясында мезангииопролиферативті гломерулонефрит төн болады.
- * Ауру ұзақ, толқын тәрізді өтеді. ұзақ уақыт бүйректің азот бөлүші қызметі бұзылмай, ақырында СБЖ дамиды.
- * Аралас түрі - әдетте жедел нефрит сияқты басталады, емге жақсы көнеді. Оған тән:
 - * - Белінің немесе ішінің ауыруы, дизурия; Айқын ісік;
 - * - Артериальдық гипертензия: бас ауру, бас айналу, тітіркенушілік пен енжарлық, көз көрудің нашарлауы, кейде бет нервінің салдануы, құсық, гиперрефлексия, атаксия және
 - * ошақты немесе жайылған құрысулар. Қан қысымы жасқа байланысты жоғардайды

Емі: СГН-те ем аурудың ағымы мен түріне; бүйрек жеткіліксіздігінің болуы мен дәрежесіне; қосалқы аурулар мен асқынуларына байланысты тағайындалады. Базисті еміне диета, режим, фитотерапия, созылмалы ошақтарды санациялау кіреді.

Емдәм - бүйректің қызметтік жағдайына байланысты. СГН-тің гематуриялық түрімен асқынған жағдайда диета ЖГН-тегідей болады. Науқаста гематуриялық және аралас түрімен асқынған кезде тұзсыз, аз белокты диета тағайындалады (белоктың тәуліктік мөлшері 1г/кг). Емдәмді кеңейту және белоктың жүктемені жоғарлату ЖГН кезінен қарағанда баяу жүргізіледі.

Төсектік тәртіп тек аурудың жедел (өршу) кезінде тағайындалады.

Фитотерапия - ұзак уақыт жүргізіледі (ай, жылдар) және ол тұндырмалар және жинақтар келесі құрамда беріледі: бұрымды лаванда, қара бұлдірген, аққайың жапырағы, жолжелкен жапырағы, арша жемістері, кәдімгі құлмақ жемістері, қырым раушангүлі жапырақшалары, кәдімгі аюқұлақ жапырақтары, ит бұлдірген жапырағы, бақжапырақ жапырағы, қоңыр итмұрын жемістері, орман бұлдіргені жемісі және басқалар.

СГН-тің гематуриялық түрінде дәрілік ем симптоматикалық заттармен шектеледі.

СГН-тің нефротикалық синдромы пайда болғанда-аурудың морфологиялық варианттарын есепке ала отырып дәрілік терапияда иммунодепресанттарды қолдану мәселесі шешіледі.

Мембранозды гломерулонефрит:

- 1) Ісік және протеинуриямен жекеленген түрлерінде емдәмге курантил немесе индометацин қосылады.
- 2) Бүйрек жетіспеушілігі немесе гипертензия белгілері болса ем глюокортикоидтар, цитостатиктер және антиагреганттармен жүргізіледі.

Цитостатиктерден циклофос-фамид немесе азатиоприн, хлорамбуцил тағайындалады. Иммунодепресанттардан сонымен қатар циклоспорин А тағайындалды.

***Созылмалы гломерулонефритте**

Дипансерлік бақылау: Диспансерлік бақылау баланы ересектер емханасына

*аударғанға дейін жүргізіледі. Дәрігердің қарауы артериальды қан қысымын өлшеу мен зәр

*тексеруін жүргізуді қамтиды:

* - Өршуден соң алғашқы 12 айда -айына 1 рет.

* - Өрі қарай өршу жоқ кезде -тоқсанына 1 рет.

* Зимниций сынамасы 2-3 айда 1 рет. Кез келген интеркурентті ауруларда қосымша

* зәр анализдері тапсырылады.

* Стоматолог, отоларинголог қарауы, ЭКГ жарты жылда 1 рет. Дәрілік заттар аурудың түріне байланысты тағайындалады.

***Жедел бүйрек жетіспеушілігі (ЖБЖ)** - клиникалық синдромдарының этиологиясы әртүрлі, бүйрек тінінің гипоксиясынан тұтікшенің зақымдалуы және интерстициялық тіннің ісінуі, кенеттен, уақытша немесе қайтымсыз бүйректің гемостатикалық қызметінің жойылуы.

* ЖБЖ-де келесі ауытқулар тән:

* - Ағзадағы сұйықтықтың шығуының бұзылышы

* - Артып келе жатқан азотемия

* - Электролиттік дисбаланс

* - Декомпенсациялық метаболикалық ацидоз.

* ЖБЖ-нің негізгі клиникалық белгісі олигурия болып табылады (қалыпты жағдайдан диурез төулігіне 1/3 бөлігі аз немесе дәне беткейіне 300 мл/м² тәмен) немесе анурия (төуліктік диурез 60мл/ м²-ден тәмен). ЖБЖ-нің бастаушы патогенетикалық звеносы -

* изолидтың жағдайдағы бүйрек фильтрациясы (сүрігүй) мүндемелділіктерінде деңгээлдеуден жағдайдағы бүйрек фильтрациясынан аз болып келеді.

ЖБЖ-нің этиологиялық факторлары преренальды, ренальды, постренальды деп бөлінеді.

Преренальды болып бүректік гипоперфузияға әкелетін себептер есептеледі:

- кезкелген этиологиялық шок себебінен пайда болатын гиповолемия немесе гипотензия (септикалық, постгеморрагиялық, күйіктік, пострэнтрансфузды, анафилактикалық т.б);
- дегидратация (құсу, диарея, ұзак және ауыр қызба);
- қанның коллоидоонкотикалық қысымның біршама төмендеуі (нефротикалық синдромда, экссудативті энтеропатияда белокты жоғалту).
- перитонит пен асцит.
- іркілістік жүрек жетіспеушілігі.

ЖБЖ-нің ренальды себептері келесілер:

- жедел түтікшелік некроз немесе тубулорексис (каналдың базальды мембранасының жарылуы);
- дисэлектролитемия, ауыр инфекциялық токсикоз, тамырішілік гемолиз, күйік, үлкен хирургиялық операциялар, әсіресе жүрекке жасаған кездерде, түтікшенің зақымдалуы;
- гемолитико-уремиялық синдром, тромбоцитопениялық пурпуралар, сәйкес емес қан құю, жүйелі қызыл жегі, дәнекер тіннің диффузды аурулары, васкулиттегі тамырішілік блокадалар.

Постренальды себептерге зэр шығару жүйесінің тастармен, ісікпен бітелуі жатады. ЖБЖ-нің дамуына әр түрлі жаста әртүрлі себептер болады:

Жаңа туган нәрестелерде:

- ауыр асфиксия мен тыныс бұзылу синдромы (транзиторлы ЖБЖ);
- Бүйрек дамуының құрылымдық ақаулары;
- Бүйрек тамырларының тромбозы;
- Жайылған құрсақішлік инфекция, сеписисте бүйректің зақымдалуы.

Ерте жастагы балаларда:

- дегидратациямен байқалатын инфекциялық токсикоз;
- әртүрлі этиологиялық шок;
- ТІШҰ синдромы;
- ауыр электролитті бұзылыста.

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларда:

- Интерстициальды нефриттер (инфекциялық, дәрілік, улану және т.б) және БПГН;
- Бүйректің вирусты және бактериальдық зақымдануы;
- Әр түрлі этиологиялы шоктар (куйіктік, жарақатты, трансфузиялық, септикалық);
- ТІШҰ синдромы.

- ***Жіктелісі:** ЖБЖ-ін төрт сатыға бөледі: бастапқы, олигоануриялық, полиурия дамуымен диурездің қалыптасуы және сауығу сатысы.
- *Бастапқы сатының клиникалық көрінісі: Бүйректің зақымдануы диурездің төмендеуімен, қанда азотты қалдықтар деңгейінің жоғарлауымен көрінеді. Бұл кезеңде
- *зәрдің салыстырмалы тығыздығы жоғары болу мүмкін. Инфекциялық токсикоз кезінде бастапқы кезең әдетте 1-3 күннен бірнеше күнге созылады. Гемотрансфузиялық шокта бастапқы кезең қысқа мерзімді және олигоануриялық сатының басталуымен көрінеді.
- *Олигоануриялық саты:
 - Диурездің бірден төмендеуі (қалыпты жағдайдан 25% төмен, салыстырмалы тығыздығы - 1,005-1,008);

- * - Науқастың жағдайы өршімелі нашарлайды: сарғыштықпен тері жамылғысының бозаруы (кейде теріде геморрагия, қышыну байқалады), адинамия, батың ауыруы,
- * әлсіздік, жүрек айну, құсу, диарея;
- * - Жүрек ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылышы, тахикардия, артериальдық қан қысымының төмендеуі, шулы ентігу, құрысу, кенеттен іштің ауруы, өкпе шемені, анемия, тромбоцитопения дамуы мүмкін.
- * - Азотемияның клиникалық көрінісі- мазасыздық, терінің қышынуы, жүрек айну, құсу,
- * анорексия, үйқының бұзылуы, стоматит, колит, гастрит;
- * - Гиперкалиемия белгілері (бұлшық еттік әлсіздік, аритмия, жүрек тоқтауы);
- * - Сұйықтықтың шектен тыс болу белгісі (көз нервінің емізікшесінің ісінуі, гипертензия,
- * жүрек көлемінің ұлғаюы, жүрек соғуы «текіректі» ырғақты, дene соғылыштың ортуы, сиптішемені шешкі ісіндер)

- ***ЖБЖ Диспансерлік бақылау 2 жыл бойы;**
- *Ай сайын қарау, артериальдық қан қысымын өлшеу; қан, зер анализдерін, Зимницкий сынамаларын жүргізу.
- *Алғашқы жарты жылда тоқсан сайын, сосын 6 айда 1 рет биохимиялық анализ (креатинин, мочевина, K, Na, P++, белок фракциялары) жасалады.
- *Бүйректің концентрациялық қызметі қалпына келіп, 2 жыл ішінде аурудың белгілері болмағанда сауығу деп саналады.

СОЗЫЛМАЛЫ БҮЙРЕК ЖЕТИСПЕУШІЛІГІ

- * Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі (СБЖ) - нефрондардың сандық және қызметтік өзгерістері бүйректің гемостатикалық қызметінің бұзылышына, жиі ШСЖ-ның 50%-ға төмендеуіне алып келетін клиникалық белгілер жиынтығы болып табылады.
- * Бүйрек ауыратын балаларда СБЖ - шумақтық сүзілістің $1,73 \text{ м}^2$ дene көлеміне 20 мл/минутына төмендеуі, креатининнің қан сарысында 2 мг% (0,177 ммоль/л) және мочевина 50 мг % (8,3 ммоль/л)-ге 3-6 ай бойы жоғарлауына байланысты анықталады.
- * Этиологиясы. СБЖ-нің 5 жасқа дейінгі себептері : тұа пайда болған құрылымдық және обструкциялық кемістіктер. 5 жастан кейін-жүре пайда болған аурулар:
 - * - Фокальды сегментарлы гломерулосклероз;
 - * - Созылмалы гломерулонефрит;
 - * - Гемолитикалық-уремиялық синдром;
 - * - Өршімелі түқым қуалайтын нефропатия (нефрит, бүйрек лисплазиясы);

***Патогенезі.** Қызмет етуші нефрондардың тәмендеуі келесі бұзылыстарға әкеледі:

- * • бүйректің концентрациялық қабылетінің тәмендеуіне және полиурияға;
 - * • электролиттерді (натрий, калий) жоғалту арытуына және электролиттер бұзылыстарына (гиперкалиемия, гипокалиемия, гипонатриемия);
 - * • экстрацеллюлярлы сұйықтықтың гомеостазының бұзылыстарына;
 - * • гиперазотемия, ацидоз, гипергидратацияға;
 - * • олиго-анурияға;
- * СБЖ-нің өршуіне ықпал етеді:
- * • Емдәмде ақуыздың көп болуы;
 - * • Персистирлеуші протеинурия немесе жүйелі гипертензия.
 - * • Созылмалы және жасырын вирустар (микоплазмалы, хламидия, герпетикалық, энтеровирусты және т.б);

СБЖ САТЫЛАРЫНА СИПАТТАМА ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ЕМДІК ШАРАЛАР ҚӨЛЕМІ
(Папаян А.В., Архипов В.В., 1997)

СБЖ сатылары	Сипаттама және негізгі емдік шаралар қөлемі
I саты компенсацияланған	Бүйрек қызметі қалыптыдан 80-нен 50% құрайды, қызмет ететін нефрондар саны 50-25%. ШСЖ- 70-50 мл/мин x 1,73 м ² . Креатинин 0,88-0,265 ммоль/л. Микропротеинурия болу мүмкін. СБЖ клиническі көріністері қызмет етуші нефрондарының саны 30%-ға төмендегенше болмайды. Негізгі ауруына консервативті және оперативті ем қажет
II саты Субкомпенсация- ланған	Бүйрек қызметі қалыптыдан 50-ден 25% құрайды, қалған нефрондарының саны 30%.ШСЖ - 50-30 мл/мин x 1,73 м ² . Креатинин 0,12-0,53 ммоль/л. Эр түрлі тағамдық ингредиенттерге толеранттылықтың бұзылышы. Са сорылуының бұзылышы. Науқас интеркурентті ауруларды нашар өткізеді, сонымен қатар дегидратация, гиперкалиемия, ацидоз дамиды. Дегидратация болса ЖБЖ дамуына қауіп туады. Балаларда жиі бой өсудің кідірісі болады. Консервативті ем бүйректің қалған қызметін сақтап қалуға бағытталады.
III саты Декомпенсациялан- ған	Бүйрек қызметі қөлемі 30% -дан төмен, қызмет ететін нефрондар саны қалыптыдан 15%-ға ШСЖ - 30-10 мл/мин x 1,73 м ² . Креатинин 0,485-0,8 ммоль/л.

	Остеодистрофия, анемия, гипертензия тән. Консервативті ем метаболикалық бұзылышты түзетуге бағытталады. Науқас егер қатаң тәртіп, емдәм сақтап және косервативті емді қабылдаса әдеттегідей өмір кешу мүмкін. Науқасты диализді емге дайындауды.
IV каты Уремия	Бүйректің қалдықты қызметі 5% тәмен. ШСЖ- $10 \text{ мл}/\text{мин} \times 1,73 \text{ м}^2$ тәмен. Креатинин 0,62-1,1 ммоль/л. Анорексия, жүрек айну, әлсіздік тән. Ем қабылдамағанда құсу, құрысу, кома және асқорыту жолдан қан кету болады. Жиі жүрек жетіспеушілігі және аритмия. Диализ жүргізіледі немесе бүйрек трансплантациясы жасалады.

- * **Диагноз.** Клинико-лабораториялық мәліметтер негізінде қойылады.
- * **Емі:** СБЖ-нің I сатысында негізгі ауруды емдеу және симптоматикалық болады.
- * II сатысында белокты 1,5 г/кг шектеумен емдем тағайындау. Азотемия жоғары болса тәуліктік белок көлемі 0,6-0,7 г/кг-мен, көмірсумен және маймен байытылған емдем тағайындалады. Джирдно-Джованнета емдемінде ет, балық, снзбелер алынып тасталады. Гипокалиемияда диетаға калийге бай тағамдар (банан, өрік, мейіз, қара өрік) қосылады.
- * Симптоматикалық ем:
 - * - Ацидозда-гидрокарбонат енгізу;
 - * - Гипертензияда – тұzsыз емдем, гипотензивті препараттар (каптоприл, диазоксид, рauвольфии препараттары, альфа-метилдоп) зәр айдайтын дәрілермен (фуросемид) біріктіріліп беріледі.
 - * - Остеопатия және гипокальцемияда –кальций препараттары, витамин D;
 - * - Анемияда- гемоглобин деңгейі 50 г/л төмен болса эритроцитті массамен трансфузия жасалады.
- * СБЖ-де гемодиализ III-IV сатыларында қандағы креатинин деңгейі 0,528 ммоль/л-ден жоғары және эндогенді креатинин 10 мл/мин 1,73м аз болғанда жасалады.
- * Гемодиализ аптасына 2-3 рет жасалады.

***СБЖ Диспансеризация**: өмір бойы жүргізіледі.

- * - Ай сайынғы қарau, қан қысымын өлшеу, қан, зәр анализі, Зимницкий сынамасын жасау.
- * - Тоқсан сайын биохимиялық анализ (креатинин, мочевина, электролиттер, белок фракциялары, қышқылды-сілтілі жағдайды) және зәр (электролиттер) тапсыру.
- * Клиренс креатинин, реабсорбция коэффиценті.
- * Ұстық және құрғақ аймақтарда санаторлы-курортты ем қабылдауға болады.

**Корытынды*

* Корыта келе, созылмалы ауруы бар балаларды диспансерлік бақылау кезінде міндетті түрде баланы тіркеуге алып, оған қажетті барлық медициналық көмекті толығымен жүргізу қажет. Бұл балаларға тіркеуге алынған сэттен бастап, баланың болашақ денсаулығын жақсарту мақсатында жеке жоспары құрастырылуы қажет және сол жоспар арқылы жыл сайын баланың денсаулығына баға беріледі. Егер баланың денсаулығы ұсынылған емдік шаралардан кейін жақсарған жағдайда, баланы аймайқтық дәрігер мен басқа да маман дәрігерлері келісімс бойынша тіркеуден алынады.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Б.Тұсіпқалиев Балалар аурулары**
- 2. <http://www.myshared.ru/slide/1355365/>**
- 3. <https://kazmedic.org/archives/4649>**
- 4. <http://shygharma.info/hronikaly-patologiyasy-bar-balalar>**
- 5. <http://poznayka.org/s38476t1.html>**